

II сайланған Алматы қаласы мәслихатының 2001 жылғы 5 желтоқсандағы XIII сессиясының "Төлемдердің ставкаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

III сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXVII сессиясының 2006 жылғы 21 желтоқсандағы N 317 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2007 жылғы 19 қаңтарда N 729 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық мәслихатының 2009.10.30 № 253 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қалалық мәслихатының 2009.10.30 № 253 ш е ш і м і м е н .

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 394 бабына сәйкес III сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. II-сайланған Алматы қаласы мәслихатының XIII сессиясының "Төлемдердің ставкаларын бекіту туралы" 2001 жылғы 5 желтоқсандағы шешімінің N 2 қосымшасы (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіліміне 2001 жылғы 19 желтоқсанда N 414 рет санымен тіркеліп, 2001 жылғы 25 желтоқсанда - "Алматы Ақшамы", 2001 жылғы 8 желтоқсанда - "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған; өзгерістер енгізілген - 2004 жылғы 26 наурыздағы V сессияның N 39 шешімімен, 2004 жылғы 1 сәуірде N 588 рет санымен тіркеліп, 2004 жылғы 8 сәуірде - "Алматы Ақшамы" N 39, 2004 жылғы 6 сәуірде - "Вечерний Алматы" N 64 газеттерінде жарияланған; 2005 жылғы 18 қарашадағы XIX сессияның N 194 шешімімен, 2005 жылғы 9 желтоқсанда N 681 рет санымен тіркеліп, 2005 жылғы 27 желтоқсанда - "Алматы Ақшамы" N 147, 2005 жылғы 22 желтоқсанда - "Вечерний Алматы" N 258-260 газеттерінде жарияланған) осы шешімнің қосымшасында берілген жаңа редакцияда жазылсын .

2. Осы шешім 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономика және бюджет бойынша тұрақты комиссияға (А.И.Шелипанов) және Алматы қаласы бойынша салық комитетінің төрағасы Қ.Е.Баеділовке жүктелсін.

III сайланған Алматы қаласы
 мәслихатының XXVII сессиясының
 2006 жылғы 21 желтоқсандағы
 N 317 шешіміне қосымша

"II-сайланған Алматы қаласы
 мәслихатының XIII сессиясының
 2001 жылғы 5 желтоқсандағы "Төлемдердің
 ставкаларын бекіту туралы"
 шешіміне N 2 қосымша"

Тіркелген жиынтық салық ставкалары

С а л ы қ объектілердің атауы	с а л ы н а т ы н	Тіркелген жиынтық салық ставкалары бір жылғы айлық есептік көрсеткіштерімен
Ойын үстелі		5000
Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ақшалай ұтысы бар ойын автоматы		130
Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ақшалай ұтысы бар ойын автоматы		180
Электрондық рулетка		250
Тотализатор кассасы		575
Букмекерлік кеңсе кассасы		390
Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ақшасыз ұтыс ойын автоматы		140
Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ақшасыз ұтыс ойын автоматы		140
Ойын өткізу үшін пайдаланылатын жеке компьютер		50
Боулинг ойын жолы		500
Карт		115
Бильярд үстелі		275
Лото ұйымдастырушы		155

Айлық есептік көрсеткіш - Қазақстан Республикасының "Республикалық бюджет туралы" заңына сәйкес бекітіледі.

*III сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XXVII сессиясының
төрағасы, хатшысы Т. Мұқашев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК